



Автор: АДИЛГЕРЕЕВА ЛАЗЗАТ АРГЫНГАЗИЕВНА

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Натурал сандар және нөл

Тақырып: Арифметикалық амалдардың қасиеттері

Оқу мақсаты	.1.2.2 амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау және мәндерін табу; 5.1.2.3 санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдану
-------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	Ұйымдастыру бөлімі Оқушылармен амандасу, оқушы қатысымына және сынып тазалығына назар аудару. «Мен қандаймын?...» психологиялық ойынын өткізу. үшбұрыш – Сіз лидерсіз. Әрқашан белсендісіз. көпбұрыш – Сіз жұмыс істегенді, оқып үйренгенді ұнатасыз. төртбұрыш – Үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүресіз. Жұлдызша – Сіз креативті жансыз. Идеяңыз, фантазияңыз және энергияңыз мол. жүрек – Сіз өте мейірімді жансыз. Жүрегіңіз жақсылық пен мейірімге толы. Жұмбақтар 1. Заттарды санағанда Керек ол бізге ауадай Айтыңдаршы бұл қандай сан? Жан-жағыңа қарамай (натурал сан) 2. Бірдей санды бірнеше рет Қосудан тұрады Егер оны тағы басқа Қалай атауға болады (көбейту) 3. Санға қосып алсаң Сол санның өзі шығады Санды оған бөлуге болмайтынын Математиктер ұғады (нөл)	фигуралар үшбұрыш, төртбұрыш, жұлдызша
Ортасы (28 мин)	1 есеп. / ауызша/ 1 – ден 100 –ге дейінгі натурал сандардың жазылуында: 7 цифры 1) 7 ры неше рет кездеседі? 7; 17; 27; 37; 47; 57; 67; 70; 71; 72; 73; 74; 75; 76; 77; 78; 79; 87; 97 – 19 рет кездеседі. 2) Бірцифр екі рет жазылатын неше сан бар? 11; 22; 33; 44; 55; 66; 77; 88; 99 – 9 сан бар. Амалдарды орында 1) $1496:136*25:25$ 2) $37*11-(777:37+252:14)$ 3) $(161-18*8)*16:(67*8-468)$ 4) $(351+117*5):(72*12-40*19)$ Оқулықпен жұмыс Қалыптастырушы бағалау (Қ) «Ыстық орындық» бойынша.Қима қағаз дағы сурет бойынша есептер шығарту.	деңгейлік тапсырмалар қалыптастырушы бағалау
Соңы (5 мин)	Рефлексия Мен не білдім? Не үйрендім? Үйге тапсырма §1.6 ереже №70 №72	Табыс сатысы